

Шет тілін оқытудағы аудиовизуалды әдіс

Қазіргі заманның талабына сәйкес шет тілінде білім берудің көптеген әдістері кеңінен қолданылуда. Белгілі ғалым Сатыбаева өзінің әдістемелік кітабында: Әдіс дегеніміз - оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуі үшін қолданылатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жетуге бағытталған жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызу керек. Олар оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді,- деп анықтама қалдырған болатын. Ғалым Байтұрсынов өз еңбектерінде: Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі- бір ғана әдісті болу, шеберліктің белгісі- түрлі әдісті болу,- деп айтып өткен. Ашып айтқанда, шет тілін оқыту үдерісінде нақты бір әдіске сүйеніп сабақ өту нәтижесіз болуы мүмкін, себебі әрбір әдістің өзіндік ерекшелігімен қатар кемшілігі де бар. Бір әдіс барлық тілдік қабілеттерді емес, нақты бір немесе бірнеше қабілеттерді дамытуға негізделіп құрылады. Сондықтан көптеген әдістерден өзіне керекті тұстарын қолдану арқылы оқушыларға сапалы білім беру мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сыныпта қолданылатын тіл оқыту әдістерін тікелей, саналы, құрама, интенсивті деп бөліп қарастырамыз. Тікелей әдіс - білім алушылардың ауызша сөйлеу қабілетін дамытуға бағытталған әдіс болып табылады. Тікелей әдістің құрамдас бөлігі болып табылатын табиғи, тікелей, аудиовизуалды, аудиолингвалды, әскерлік және ауызша әдістер шет тілін оқытуда жақсы әдістер болып есептеледі. Осындай әдістердің ішінде кеңінен қолданысқа ие түрлерінің бірі аудиовизуалды әдіс болып табылады.

Аудиовизуалды әдіс, ең алғаш рет 1950 жылдардан бастап CREDIF терминімен Францияда қолданыла бастады. Әдісті дайындаған және қолданысқа енгізген орталық Сен-Клудтағы педагогикалық институт болып саналады. Бұл әдіс ана тілін, екінші немесе шет тілінің бастапқы кезеңін оқытуға арналған әдіс ретінде қарастырылады. Аудиовизуалды оқыту әдісі— тілді көру және естуге арналған көрнекілік құралдарды қарқынды түрде пайдалана отырып, күнделікті тұрмыста қарым-қатынас жасау кезінде қолданылатын шектеулі лексика-грамматикалық материалды көбіне ауызша түрде қысқа ғана мерзімде үйрету тәсілі [1;14]. Бұл әдіс ,ең алғаш, кез келген тілді үздіксіз қайталау арқылы әдетке айналдыру ұстанымына негізделген. Шет тілінде сөйлеу механикалық процесс болып табылғандықтан, шет тілін оқытуда сөйлеу қабілеті жазу қабілетінен жоғары саналған. Осы тұжырымға сүйене отырып мұғалімдердің басты назары оқушының ауызша сөйлеу шеберлігін арттыруға аударылған. Бұл әдіс екінші дүниежүзілік соғыс

кезінде және одан кейін де АҚШ қарулы күштерінің арасында кеңінен қолданылуының арқасында өзінің тиімділігін көрсетті.

Жоғарыда атап өткендей, аудиовизуалды әдіс бихевиористік психологияға негізделіп құралған. Бұл әдіс механикалық қайталауға бейімделген жаттығуларға негізделеді. Мысал ретінде, белгілі бір сөз тіркесін, сөйлемді немесе мәтінде үздіксіз қайталау арқылы автоматты түрде қолдануды келтіруге болады. Шетел тілін оқыту барысында, аудиовизуалды әдіс ауызша сөйлесу түрінде жүзеге асырылуы керек деп есептелінеді, себебі бұл әдісті қолдану арқылы білім алушылар дыбыстарды, сөйлеу ырғағын игеруге ынталанады және сәйкесінше мұғалімдерге практикалық оқу мақсаттарына жетуді қамтамасыз етеді. Аудиовизуалды оқу құралдарының қарқынды қолданылуы, оқушылардың өзара шетел тілінде жақсы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Бұл әдісте білім алушыларға сабақ үстінде ана тілдерін қолдануға мүлдем тиым салынады, өйткені оқытудың бастапқы кезеңінде интерференциялар ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды қиындатады. Оқытудың бастапқы кезеңінде тілдік материалды игеру еліктеу, есте сақтау және ұқсату арқылы тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылды. Сондықтан білім алушылар ең бірінші тыңдау және сөйлеу қабілеттерін игереді, кейін жазу және оқу қабілеттерін дамытады.

Ең алғаш аудиовизуалды материалдар ретінде бейне таспалар, карточкалар, жазбалар және фотосуреттер пайдаланылған. Қазіргі цифрлық заманда аудиовизуалды құралдар бірнеше мультимедиялық құралдармен, мысалы DVD, PowerPoint, теледидарлық сериалдар, YouTube және басқа да онлайн материалдармен қарқынды дамып келеді. Көру және есту ақпараттарын ұсыну үшін қолданылатын көрнекі оқу құралдары екі түрге бөлінеді: визуалды (көру) құралдар (бейнеграммалар) – суреттер, кестелер, сызбалар, кескіндеме туындыларының репро-дукциясы, транспаранттар, диафильмдер, диапозитивтер және аудитивті(есту) оқыту құралдары-фонограммалар, магнит жазбалары, радиобағдарламалар; жеке аудиовизуалды (көру-есту) құралдар (бейнефонограммалар), дыбысы бар кино, телефильмдер, ЭЕМ-ге арналған бағдарламалар [2;54]. Аудиовизуалды құралдардың мақсаты мұғалімнің сабақты оқушыларға қарапайым, тиімді және түсінікті етіп жеткізу қабілетін арттыру. Аудиовизуалды құралдарды қолдану арқылы мұғалімдер жалпы ақпаратты білім алушыларға мысал немесе дәлел келтіру арқылы жеткізе алады. Аудиовизуалды материалдар білім алушылардың ақпаратты ұзақ уақыт бойы жадында сақтауға көмектеседі. Кеңесова және Жұмағұлова өздерінің әдістемелік анықтамаларында аудиовизуалды оқыту құралдарын әсерлі, айқын және көру-есту бейнелерінің ақпараттық құндылығының нәтижесінде оқыту сапасын арттырудағы тиімді құрал болып табылатындығын, сондай-ақ бұл құралдар қарым-қатынас жасау және қоршаған ортадағы шындықты тану жағдайларын қалыптастыратындығын есткеріп өтті. Олардың пайымдауынша мұндай сабақтарда көрнекіліктің дидактикалық принципі, жеке оқыту мүмкіндігі және оқушыларды сабаққа жаппай қатыстыру (мысалы, теле және кино фильмдерді көрген кезде, компьютерлік класта

жұмыс істеген кезде) сәтті жүзеге асырылады, сабақтың мотивациялық жағы да күшейе түседі. Әдістемеде аудиовизуалды оқыту құралдары (тіл үйрену сабақтарына арналған құралдар) мен техникалық оқыту құралдары (оқыту құралдарын көрсетуге арналған техникалық құрылғылар) екі түрлі құралдар деп ажыратылған. Филология ғылымдарының докторы, профессор Н. Оралбаева: Көрнелік оқушылардың материалды тез және саналы түрде түсінуімен бірге, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі,- дейді. Шет тілін үйренуде аудиовизуалды әдістің тиімділігін ескере отырып, жалпы білім беру мектептері мен мекемелерінде осы әдісті қолданысқа енгізу шаралары толығымен жүргізілуі міндетті болып табылады [3;35].

Қазіргі кезде біз оқыту үдерісін жақсарту үшін аудиовизуалды әдістің сандық құралдарын қолданамыз. Мұғалімдердің сабақта ең көп қолданатын құралы - PowerPoint слайдтары, сабақты қызықты, динамикалық түрде және тиімді өтуіне, сонымен қатар, жаңа тақырыптарды оңай енгізуге көмектеседі. Аудиовизуалды құралдарды қолдану оқушылардың тұжырымдаманы ұзақ уақыт есте сақтауына және заттарды виртуалды түрде сезінуге көмектеседі. Мысалы, егер мұғалім шет тілінде оқушыларды басқа мәдениетпен таныстырғысы келсе, ол аудиовизуалды құралдарды қолдану арқылы мәдени ескерткіштерді, жаңа дәстүрлерді оқушыларға таныта алады. Аудиовизуалды құралдарды пайдалану сыныптағы тәртіпті сақтауға көмектеседі, өйткені оқушылардың назары әрдайым оқу материалдарына бағатталып отырады. Бұл интерактивті сессия, сонымен қатар, оқыту мен оқытудың маңызды компоненттері болып табылатын сыни ойлау мен пайымдауды дамытады.

Шет тілін оқытуда кеңінен таралған проблемалардың бірі- оқушының тіл үйренуге деген мотивацияның болмауы. Мұндай қиындықты аудиовизуалды материалдарды қолдану арқылы оқушылардың ынтасын оятып, білім алуға деген қызығушылығын арттыру арқылы шешуге болады. Сонымен қатар аудиовизуалды әдісте, мұғалім мен оқушы арасында диалогтың көп болуы, мұғалімнің оқушыға үнемі дұрыс бағыт-бағдар беруіне және кез-келген мәселеде ақыл-кеңес айтуына ықпал етеді. Соның арқасында, аудиовизуалды әдіс мұғалім мен оқушылардың арасында қарым-қатынастың жақсаруына септігін тигізеді. Алайда, аудиовизуалды әдістің артықшылықтарымен қатар кемшіліктерін де атап өткен жөн. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, аудиовизуалды әдісте бірқатар кемшіліктер табылған:

Біріншіден, аудиовизуалды әдіс теорияны практикадан бөледі және білім беру процесінде теорияға қарағанда практикаға үлкен мән беріледі. Жалпы айтқанда, грамматика, фонетика, сөйлемнің немесе құрылымның маңызды бөлшектеріне және тағы да басқа заңдылықтарды оқытуға аса қатты мән берілмейді.

Екіншіден, белгілі бір сөйлемдік құрылымдарды жаттау, сыныптан өзге ортада оқушыларға өз ойын шет тілде білдіруге мүмкіндік бермейді. Шетелдік лингвист Г. Палмер, бұл мәселеде аудиовизуалды әдіске қарама-қарсы көзқарас білдіріп, ауызша сөйлеуді үйретуде таза имитациялық жолдан бас тарту керектігін атап өтті. Оның пікірі бойынша, білім беру кезінде

иммитациямен бірге сөйлемдік құрылымдарды талдау да қатысуы керек, өйткені студенттер шетел тілін тек имитациялық жолмен, материалды бірнеше рет механикалық қайталау арқылы меңгере алады деген пікірі қате деп санайды. Г. Палмердің зерттеулеріндегі эксперименттер бойынша, студенттердің сыныптан өзге жердегі шет тілдегі қарым-қатынас жағдайында, жатталған немесе алдын-ала дайындалған құрылымдарды қолдана алмайтын жағдайларға тап болатынын көрсетіледі. Мұндай жағдайлар, әрине, оқыту материалды жан-жақты талдауға, түсінуге және кез-келген жалпылама ережелерді қолдануға тырыспай, тек механикалық есте сақтау негізінде жүргізілгендіктен орын алып, материалды өмірлік жағдайда қолдануды қиындататыны белгілі.

Үшіншіден, аудиовизуалды әдісті қолдану арқылы мұғалім шет тілінде білім берудің бастапқы кезеңінде тыңдау және сөйлеуді дамытуға аса көп көңіл бөлінгендіктен, оқушылардың жазу қабілеті мүлдем дамымай қалады.

Жалпы алғанда, аудиовизуалды оқу әдісі басқа оқу әдістерінің арасында ерекше орын алады, өйткені ол оқылатын материалды бейнелеу арқылы қабылдауды және оны есте сақтауды қамтамасыз ету арқылы оқытудың ең мықты нәтижесін корсете алады . Сонымен қатар, аудиовизуалды оқу құралдарын қолданудың оқу үдерісін ұйымдастыруда артықшылығы бар екенін және қазіргі кезеңде шет тілін үйренудің әртүрлі оқу бағдарламаларында қолдануға болатындығын баса айту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сатыбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Астана,2008.-51б
2. Қапалбек Б, Кеңесова А, Жұмағұлова А. - Астана, 2016 – 12б
3. Қапалбек Б, Кеңесова А, Жұмағұлова А. - Астана, 2016 – 13б
4. Оралбаева Н. Қазақ тілін үйрену курстық программасы.- Алматы:Мектеп,1987.-76б
5. Цветкова З.М. Предисловие к книге Г. Палмера «Устный метод обучения иностранным языкам». М., 1961